

Сайрам ауданы әкімдігінің 26 сәуір 2018 жылғы № 195 "Сайрам ауданындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 364 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қыркүйекте № 5783 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сайрам ауданы әкімдігінің 26 сәуір 2018 жылғы № 195 "Сайрам ауданындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4609 тіркелген, 2018 жылдың 8 маусымында "Мәртөбе" газетінде және 2018 жылғы 1маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Усербаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

У. Садиеков